

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы 24 сәуірдегі
№ 161 бұйрығымен
бекітілген

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарында мұдделер қақтығысын анықтау және реттеу жөніндегі әдістемелік ұсныымдар

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарында мұдделер қақтығысын анықтау және реттеу жөніндегі әдістемелік ұсныымдар (бұдан әрі - әдістемелік ұсныымдар) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарында қызметкерлер, білім алушылар, үшінші тұлғалар арасында мұдделер қақтығысының туындау тәуекеліне ұшыраған салаларда шешімдер қабылдаудың әділ және обьективті процесін қалыптастыру мақсатында Білім және ғылым министрлігі әзірледі.

2. Осы әдістемелік ұсныым мұдделер қақтығысын анықтау және реттеу кезінде меншік нысанына қарамастан жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарының (бұдан әрі - ЖЖООКБҰ) пайдалануына ұснылды.

3. Мұдделер қақтығысын анықтау мен реттеудің негізгі қағидаттары мыналар:

- 1) обьективтілік;
- 2) нақтылық;
- 3) айқындық;
- 4) жеке жауапкершілік.

4. Осы Әдістемелік ұсныымдарда мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) академиялық қызмет - ЖЖООКБҰ-ның оқу-білім беру, ғылыми-зерттеу, экімшілік қызметі;

2) академиялық қызметті басқару - ЖЖООКБҰ-да оқу-білім беру, ғылыми-зерттеу процесін жоспарлау, үйымдастыру және басқару;

3) бос білім беру гранттары - жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процесінде босаған, конкурсстық негізде берілетін грант;

4) жеке қызығушылық - ЖЖООКБҰ қызметкерінің функционалдық міндеттемелерін орындау/атқару кезінде өзі, үшінші тұлғалар үшін мүліктік немесе мүліктік емес, оның ішінде мүліктік, корпоративтік немесе өзге де қатынастармен байланысты жақын туыстықта тұратын тұлғалар үшін мүліктік немесе мүліктік емес пайда алу мүмкіндігімен байланысты мұдделелігі;

5) мониторинг - мұдделер қақтығысын анықтау және реттеу, даму жағдайы мен болжамдарын бағалау мақсатында ЖЖООКБҰ-ның оқу-білім беру, ғылыми-зерттеу, экімшілік қызметін талдау және тұрақты бақылау;

6) мұдделер қақтығысы - ЖЖООКБҰ қызметкерінің жеке мұддесі өзінің функционалдық міндеттемелерін тиісінше орындауына әкеп соктыруы мүмкін немесе негіз болған қарама-қайшылық;

7) мұдделер қақтығысын реттеу - Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған әдістермен мұдделер қақтығысын болдырмау (шешу);

8) мұдделер қақтығысының субъектісі - білім берудің барлық деңгейіндегі білім алушылар; ЖЖООКБҰ қызметкерлері, оның ішінде жұмысты қоса атқаратындар;

ЖЖООКБҰ-ның академиялық емес әкімшілік персоналы; ЖЖООКБҰ қызметіне тартылған, онымен еңбек қатынастары бойынша байланысы жоқ өзге де тұлғалар;

9) теріс түсінушілік - алдын ала қалыптасан, объективті емес пікір;

10) үлестестік - мұдделер қақтығысы субъектілерінің өзара байланысы (туыстық, достық, қызметтік байланыстар, ғылыми және білім беру ынтымақтастығы және басқасы);

11) КРІ - ЖЖООКБҰ қызметкерлері қызметінің тиімділік көрсеткіші.

5. Мұдделер қақтығысының субъектілері:

1) мұдделер қақтығысының туындауына жол бермеуге;

2) жеке қызығушылығы болатын мәселелерді қарастыру қызметтерінде және олар бойынша шешімдер қабылдаудан өздігінен бас тартатындығын мәлімдеуге;

3) үәкілетті тұлғага хабарлама беру арқылы орын алған не әлеуетті мұдделер қақтығыстары туралы дереге хабардар етуге міндетті (1-косымша).

6. ЖЖООКБҰ басшылығы осы Әдістемелік ұсынымдар қағидаттарына негізделген жұмысты ведомстволық бақылау тәртібінде жүргізеді, жетекшілік ететін салалардағы әлеуетті мұдделер қақтығыстарын жою жөніндегі шараларды орындауы қажет.

7. Мұдделер қақтығысына жол бергені, сондай-ақ оны реттеу жөнінде шаралар қолданбағаны үшін жауапкершілік туралы мәселені шешу ЖЖООКБҰ-ның жоғары алқалы органы шешеді.

2-тарау. Мұдделер қақтығысының туындау тәуекеліне ұшыраған салаларға мониторинг жүргізуің және мұдделер қақтығысын реттеудің негізdemесі және тәртібі

8. Үәкілетті тұлға мұдделер қақтығысын ЖЖООКБҰ қызметкерлері, білім алушылар, үшінші тұлғалар арасында мұдделер қақтығысының туындау тәуекеліне ұшыраған салаларда мониторинг жүргізу арқылы анықтайды.

9. Мониторинг келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

1) еңбек қатынастары;

2) академиялық қызмет;

3) академиялық қызметті басқару;

4) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, мүлікті үшінші тұлғаларға жалға немесе өтеусіз пайдалануға беру;

5) өзге де салалар.

10. Мониторинг мына негізде жүргізіледі:

1) ЖЖООКБҰ қызметкерінің, білім алушының не үшінші тұлғаның өтініші (ауызша, жазбаша);

2) ЖЖООКБҰ бөлімше басшысының жазбаша хабарламасы;

3) үәкілетті тұлғаның бастамасы;

4) ЖЖООКБҰ-ның жоғары алқалы органының шешімі;

5) ЖЖООКБҰ ректорының немесе орынбасарының тапсырмасы.

11. Мониторинг жүргізу, мұдделер қақтығысының болмауы немесе мұдделер қақтығысын реттеу қажеттігі туралы қорытынды (бұдан әрі - қорытынды) жасау мерзімі қүнтізбелік 10 (он) күннен, ал қажет болған жағдайда, ЖЖООКБҰ ректорының келісімі бойынша қүнтізбелік 30 (отыз) күннен аспауы тиіс.

12. Үәкілетті тұлға мониторинг жүргізу кезінде сауалнама жүргізуге, мұдделер қақтығысы субъектілеріне сұрастыру өткізуге, мұдделер қақтығысы субъектілері мұдделерінің декларациясын, ЖЖООКБҰ қызметкерінің жеке ісін, электрондық ақпараттық ресурстарды зерделеуге, Қазақстан Республикасының заңнамасымен берілуіне тыйым салынбаған ақпаратты жинақтау мен талдаудың өзге де әдістерін пайдалануға күкілі.

13. Уәкілетті тұлға мүдделер қақтығысы болған жағдайда, оны реттеу жөніндегі нақты шараларды көрсете отырып, ЖЖООКБҰ басшысын жазбаша турде хабардар етеді және сол күні мүдделі бөлімшеге не жауапты қызметкерге енгізеді. Сондай-ақ 2 (екі) жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы мүдделер қақтығысы анықталған тұлғаларға хабарлайды.

14. Мүдделер қақтығысы бар болған жағдайда, мүдделі бөлімше не жауапты қызметкер қорытындыны алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде уәкілетті тұлғаға тиісті ақпарат жолдай отырып, оны реттеу жөнінде шаралар қабылдайды.

15. Мүдделер қақтығысын реттеу бойынша шаралар:

1) ЖЖООКБҰ қызметкерін немесе үшінші тұлғаны мәселені қарауға немесе шешім қабылдауға қатысадан шеттету;

2) ЖЖООКБҰ қызметкерінің мүдделер қақтығысы туындауы ықтимал не туындаған ақпаратқа қол жеткізуін шектеу;

3) қызметкерді мүдделер қақтығысын болдырмайтын лауазымға ауыстыру;

4) мүдделер қақтығысы жағдайында қабылданған шешімнің күшін жою немесе оны бөліктер бойынша толықтыру/өзгерту;

5) заңнамамен тыйым салынбаған өзге де шаралар.

16. Мүдделер қақтығысының туындау тәуекеліне үшыраған салаларға жүргізілген мониторинг қорытындылары бойынша шешімдер мүдделер қақтығысы болмаған жағдайда ғана қабылданады, болған жағдайда - мүдделер қақтығысын реттеу сәтінә дейін шешім қабылдау тоқтатылады.

17. Уәкілетті тұлға және мүдделі бөлімше не жауапты қызметкер арасында мүдделер қақтығысының болу/болмау мәселесі бойынша келіспеушіліктер туындаған жағдайда, тараптардың бірі наразылықты қорытынды шығарылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ЖЖООКБҰ-ның жоғары алқалы органдына түпкілікті шешім қабылдау үшін жолдайды.

Наразылық білдіруді жолдау қорытынды шығарылған шешім қабылдауды тоқтата түрады.

18. Мүдделер қақтығысы туралы дауды реттеу қажеттілігі үшін ЖЖООКБҰ-ның жоғары алқалы органдының отырысы жоспардан тыс өткізуі мүмкін.

19. Шешім қабылдағаннан кейін мүдделер қақтығысы анықталған жағдайда, уәкілетті тұлға ЖЖООКБҰ-ның жоғары алқалы органдына мүдделер қақтығысының туындауына ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою туралы ұсыныс енгізеді.

3-тaraу. «Еңбек қатынастары» бағыттындағы мүдделер қақтығысының мониторингі

20. «Еңбек қатынастары» бағыттындағы мүдделер қақтығысының болмауы/болуы мәніне мониторинг жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді орындауга шарт жасасу, ЖЖООКБҰ қызметкерін лауазымға тағайындау немесе ауыстыру, жұмыстан босату, көтермелей немесе тәртіптік жазалау шараларын қолдану туралы шешім қабылданғанға дейін жүргізіледі.

21. ЖЖООКБҰ-ның кадр бөлімшесі уәкілетті тұлғаға құзыретіне жұмыска орналастыру, жұмыстан босату, өзге лауазымға ауыстыру, көтермелей немесе жазалау шараларын қолдану туралы шешім қабылдау кіретін комиссияның отырысына дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей мынадай материалдарды жолдайды:

1) қаралатын мәселе туралы қысқаша анықтама;

2) ЖЖООКБҰ-ның бос лауазымына үміткердің түйіндемесі;

3) жұмыстан босату, өзге лауазымға ауыстыру, көтермелей немесе жазалау шараларын қолдану туралы мәселе қаралатын ЖЖООКБҰ қызметкерлеріне қатысты КРІ нәтижелерін ұсыну;

- 4) қызметтік тексерулер материалдары;
- 5) комиссия мүшелерінің мүдделер декларациялары.

22. Уәкілетті тұлға кадр бөлімшесі ұсынған материалдарды, саулнама нәтижелерін және өзге ақпаратты бос лауазымға үміткерге немесе жұмыстан босату, басқа лауазымға ауыстыру, көтермелегенде жазалу шараларын қолдану туралы шешім қабылданатын ЖЖООКБҰ қызметкеріне қатысты комиссия мүшелерінде теріс түсінік, үлестес болу/болмау тұрғысынан зерделейді және мүдделер қақтығысының жоқ екендігі немесе мүдделер қақтығысын реттеу қажеттілігі туралы қорытынды шығарады.

4-тaraу. «Академиялық қызмет» бағытындағы мүдделер қақтығысының мониторингі

23. «Академиялық қызмет» бағытындағы мүдделер қақтығысының болуы тұрғысынан мониторинг педагогикалық жүктеме бекітілгенге, қызметкерді диссертациялық кеңестің мүшесі, дипломдық жобалардың, магистрлік диссертациялардың жетекшісі етіп тағайындау туралы шешім, ЖЖООКБҰ комиссияларының (емтихан, тұрғын үй және басқа), басқа да консультативтік-кеңесші органдарының шешімдер қабылдаудың дейін жүргізіледі.

24. Оқытуды үйімдастыру және мониторингілеу жөніндегі бөлімше бекіткенге дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей, уәкілетті тұлғага оқу бағдарламасында қарастырылған бөлінетін сағаттардың мөлшерлестігінің негіздемесін, ЖЖООКБҰ қызметкерінің мамандануы, біліктілігі жөніндегі құжаттарды қоса бере отырып, педагогикалық жүктемені бөлу жобасын келісуге жолдайды.

25. Уәкілетті тұлға оқытуды үйімдастыру және мониторингілеу жөніндегі бөлімшениң материалын, ЖЖООКБҰ қызметкерлерінің мүдделер декларацияларын, саулнама жүргізу нәтижелерін және басқа да ақпаратты объективті шешім қабылдамауға ықпал етуі мүмкін факторлардың (үлестестік, теріс түсінік) болу/болмауы тұрғысынан зерделейді, педагогикалық жүктемені бөлу жобасын келіседі не мүдделер қақтығысын реттеу қажеттігі туралы қорытынды шығарады.

26. Мүдделер қақтығысы болған жағдайда, оқытуды үйімдастыру және мониторингілеу жөніндегі бөлімше педагогикалық жүктемені бөлу жобасына өзгерістер енгізеді және оны уәкілетті тұлғага келісуге қайта жолдайды.

27. ЖЖООКБҰ комиссияларының, консультативтік-кеңесші органдарының, диссертациялық кеңестерінің құрамын қалыптастыруға жауапты тұлға немесе бөлімше құрамы бекітілгенге дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей, уәкілетті тұлғага шешім жобасын және мынадай материалдарды келісуге жолдайды:

- 1) үміткерлер тізімі;
- 2) үміткерлердің мүдделер декларациялары, қызметтік тізімдері/түйіндемелері;
- 3) ЖЖООКБҰ-ның комиссиясы, консультативтік-кеңесші органды, диссертациялық кеңесі туралы ереже.

28. Уәкілетті тұлға үміткерді ЖЖООКБҰ комиссиясының, консультативтік-кеңесші органдарының, диссертациялық кеңесінің мүшесі, дипломдық жобалардың, магистрлік диссертациялардың жетекшісі етіп тағайындау кезінде ұсынылған материалдарды, ғылыми және білім берудің деректер базасын, ашық интернет ресурстарын, ЖЖООКБҰ қызметкерлерінің жеке істерін, мүдделер декларациясын, саулнама нәтижелерін және өзге де ақпаратты объективті емес шешім қабылдауға ықпал ететін факторлардың болуы/болмауы (үлестестік, теріс түсінік) тұрғысынан зерделейді, қажет болған жағдайда мүдделі тұлғамен (докторантураға, магистратураға, тұрғын үй алуға үміткер және т.б.) ауызша сұрау жүргізеді, құрамды бекіту туралы шешімнің жобасын келіседі не мүдделер қақтығысының болуы жағдайында қорытынды шығарады.

ЖҶООКБҰ қызметкерін диссертациялық кеңестің мүшесі етіп тағайындаған кезде уәкілетті тұлға жоғарыда көрсетілген мәселелерді тексеруден басқа, ЖҶООКБҰ-ның диссертациялардың сапасын бақылауды жүзеге асыратын, қорғауға жіберу туралы шешім қабылдайтын бөлімшесімен, диссертациялық кеңестің қызметін бағалайтын жоғары алқалы органымен үміткердің өзара байланысының болуын/болмауын анықтайды.

5-тарау. «Академиялық қызметті басқару» бағытындағы мүдделер қақтығысының мониторингі

29. «Академиялық қызметті басқару» бағытында мүдделер қақтығысының болуына мониторинг бос білім беру гранттарын бөлу, басқа ЖҶООКБҰ-да немесе академиялық ұтқырлық бойынша оқыған пәндерді қайта тапсыру, докторлық диссертацияны (PhD) қорғауға рұқсат беру және қорғау кезектілігін қалыптастыру туралы шешім қабылданғанға дейін жүргізіледі.

30. Бос білім беру гранттарын бөлуді, басқа ЖҶООКБҰ-да немесе академиялық ұтқырлық бойынша оқыған пәндерді қайта тапсыруды ұйымдастыруға жауапты тұлға немесе бөлімше комиссия отырысына дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей уәкілетті тұлғаға:

1) бос білім беру гранттарына үміткерлердің не басқа ЖҶООКБҰ-дан немесе академиялық ұтқырлық бойынша ауыстырылған білім алушылардың тізімін және олардың құжаттарын;

2) комиссия мүшелерінің тізімін, олардың мүдделер декларациясын;

3) бос білім беру гранттарын бөлу, басқа ЖҶООКБҰ-да немесе академиялық ұтқырлық бойынша оқыған пәндерді қайта тапсыру тәртібін регламенттейтін ЖҶООКБҰ-ның құқықтық актілерін, құжаттарын жолдайды.

31. Бос білім беру гранттарын бөлу не басқа ЖҶООКБҰ-да немесе академиялық ұтқырлық бойынша оқыған пәндерді қайта тапсыру кезінде уәкілетті тұлға ұсынылған материалдарды, үміткерді іріктеу критерийлерін, пәндерді қайта тапсыру негіздерін, комиссия мүшелерінің мүдделер декларацияларын және өзге де ақпаратты объективті шешім қабылдамауга ықпал етуі мүмкін факторлардың болуы/болмауы (үлестестік, теріс түсінік) түрғысынан зерделейді, мүдделер қақтығысының жоқ екендігі не мүдделер қақтығысын реттеу қажеттігі туралы қорытынды шығарады.

32. Диссертациялық кеңестің хатшысы кеңес отырысына дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей, уәкілетті тұлғаға:

1) докторлық диссертация (PhD) қорғауға рұқсат беру және қорғау кезектілігін қалыптастыру туралы мәселені қарau жоспарланып отырған үміткерлердің тізімін және олардың құжаттарын;

2) диссертациялық кеңес мүшелерінің тізімін, олардың мүдделер декларацияларын;

3) диссертациялық кеңестің қызметін регламенттейтін құқықтық актілерді жолдайды.

33. Уәкілетті тұлға докторлық диссертация (PhD) қорғауға рұқсат беру және қорғау кезектілігін қалыптастыру туралы мәселені қарau кезінде ұсынылған материалдарды докторанттардың диссертациялық кеңес мүшелерімен, оппоненттермен, рецензенттермен үлестестік, туыстық байланыстарының болуы/болмауы түрғысынан зерделейді және мүдделер қақтығысының болуы/болмауы туралы қорытынды шығарады.

6-тарау. «Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу, мүлікті жалға немесе өтеусіз пайдалануға беру» бағытындағы мүдделер қақтығысының мониторингі

34. «Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу» бағытында ЖЖООКБҰ мүлкін үшінші тұлғаларға жалға немесе өтеусіз пайдалануға беру саласында мүдделер қақтығысына мониторинг сатып алу жоспарын бекіту, мүлікті жалға, өтеусіз пайдалануға беру, жеткізушілерді, жалға алушыларды және пайдаланушыларды іріктеу туралы шешім қабылдағанға дейін жүргізледі.

Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алууды ұйымдастыруға, ЖЖООКБҰ мүлкін жалға немесе өтеусіз пайдалануға беруге жауапты тұлға немесе бөлімше шешім қабылдағанға дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей, қарастырылатын мәселеге байланысты үәкілетті тұлғага:

- 1) түсіндірме жазбаны қоса бере отырып, сатып алу жоспарының жобасын;
- 2) бір көзден тікелей шарт жасасу жоспарланып отырған әлеуettі жеткізушілердің тізімін;
- 3) тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алууды ұйымдастыруға жауапты тұлға мүдделерінің декларациясын;
- 4) әлеуettі жалға алушылардың немесе мүлікті пайдаланушылардың тізімін;
- 5) ЖЖООКБҰ мүлкін жалға немесе өтеусіз пайдалануға беруге жауапты тұлғаның мүдделер декларациясын жолдайды.

35. Уәкілетті тұлға ішкі аудитпен бірлесіп, ұсынылған материалдарды тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алууды ұйымдастыруға, ЖЖООКБҰ мүлкін жалға немесе өтеусіз пайдалануға беруге жауапты тұлғаның әлеуettі жеткізушілермен, жалға алушылармен, пайдаланушылармен үлестес, туыстық байланыстарының болуы/болмауы тұрғысынан зерделейді, ашық электрондық ресурстарда ұқсас тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге баға ұсыныстарын салыстырмалы талдау жолымен бағаны қолдан көтеру/төмендету тұрғысынан баға белгілеу саясатын тексереді және мүдделер қақтығысының жоқ екендігі не мүдделер қақтығысын реттеу қажеттігі туралы қорытынды шығарады.

7-тарау. Мүдделер қақтығысының алдын алу жөніндегі шаралар

36. Уәкілетті тұлға жылына кемінде бір рет білім алушылар мен қызметкерлерге мүдделер қақтығысын анықтау және оны реттеу бойынша шаралар әзірлеу тұрғысынан анонимді сауалнама жүргізеді.

37. Уәкілетті тұлға ЖЖООКБҰ-ның, оның бөлімшелерінің, консультативтік-кеңесші органдардың қызметін регламенттейтін актілердің жобаларын келіседі, мүдделер қақтығысының алдын алуға бағытталған нормаларды енгізу туралы ұсыныстар енгізеді.

38. Уәкілетті тұлға ЖЖООКБҰ-ның кадр бөлімшесімен бірге қызметкерді жалдау кезінде және одан әрі жылына кемінде бір рет мүдделер декларациясын тапсыруды ұйымдастырады.

39. Уәкілетті тұлға жылына кемінде бір рет ЖЖООКБҰ-ның жоғары алқалы органына мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу жөніндегі жұмыс туралы есеп ұсынады.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орындарынан кейінгі білім беру үйімдарында мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға
1-қосымша

Жоғары алқалы органның басшысына

(ЖЖООКБҰ-ның атапу)

(Т.А.Ә. лаузымы)

Мұдделер қақтығысының туындауы туралы хабарлама

Менің міндеттемелерімнің тиісінше орындалмауына әкеп соқтыратын немесе әкелуі мүмкін мұдделер қақтығысы жағдайының туындағаны туралы хабарлаймын.

Жеке мұдделіліктің туындауына негіз болып табылатын мән-жайлар:

Орындауга жеке мұдделілігі әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін лаузымдық міндеттемелер:

(күні)

(қолы, ТАӘ)

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйімдарында мұдделер қақтығысын анықтау және реттеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға 2-қосымша

Мұдделер декларациясы

1. ТАӘ:

Лаузымы:

1.	Өзініздің табыс көздерінізді атаңыз, оның ішінде негізгі емес/тұрақты емес (<i>толемді жүзеге асыратын үйімның/тұлғаның атапу, лаузымы</i>)	
2.	Сіз үйімды басқаруға/қызметіне қатысасыз ба?	
3.	Сіз қоғамдық бастауларда ақы төленбейтін қызметпен айналысасыз ба? (<i>үйімның атапу, атқаратын ролі</i>)	
4.	Сізде қандай да бір қаржылық қызығушылық бар ма (<i>жалақы, акциялар, улестер, пайлар</i>): - ЖЖООКБҰ-мен іскерлік қарым-қатынастағы үйімдарда (<i>контрагент, мердігер, консультант, клиент және басқасы</i>); - ЖЖООКБҰ-мен құқықтық дауларда/сотта талқылауда тараф ретінде шығатын үйімда.	
5.	Сіздің жұбайыңыз/жақын туыстарыңыз/жекжаттарыңыз ЖЖООКБҰ-да жумыс істей ме?	

	Егер болса аты-жөні, лауазымы көрсетілсін.	
6.	ЖҖООКБҰ-ға қаржылық, беделдік немесе өзге залал келтіруі мүмкін ақпаратты иелену Сіздің міндеттемелеріңіздің орындалуын болжай ма?	
7.	ЖҖООКБҰ-ға қатысты міндеттерді орындау кезінде Сіздің объективтілігіңізге немесе тәуелсіздігіңізге әсер етуі мүмкін өзге де факторлар	

2. Жұбайының/зайыбының ТАӘ: _____

1.	Ақылы қызмет (төлемді жүзеге асыратын үйымның/тұлғаның атауы, лауазымы)	
2.	Үйымды басқаруға/қызметіне қатысу	
3.	Ақы төленбейтін қызмет (үйымның атауы, атқаратын рөлі)	
4.	ЖҖООКБҰ-ға қатысты міндеттемелерді орындау кезінде Сіздің объективтілігіңізге немесе тәуелсіздігіңізге әсер етуі мүмкін өзге де факторлар	

3. Жақын туысының ТАӘ, туыстық дәрежесі: _____

1.	Ақылы қызмет (төлемді жүзеге асыратын үйымның/тұлғаның атауы, лауазымы)	
2.	Үйымды басқаруға/қызметіне қатысу	
3.	Ақы төленбейтін қызмет (үйымның атауы, атқаратын рөлі)	
4.	ЖҖООКБҰ-ға қатысты міндеттемелерді орындау кезінде Сіздің объективтілігіңізге немесе тәуелсіздігіңізге әсер етуі мүмкін өзге де факторлар	

1.	Ақылы қызмет (төлемді жүзеге асыратын үйымның/тұлғаның атауы, лауазымы)	
2.	Үйымды басқаруға/қызметіне қатысу	
3.	Ақы төленбейтін қызмет (үйымның атауы, атқаратын рөлі)	
4.	ЖҖООКБҰ-ға қатысты міндеттемелерді орындау кезінде Сіздің объективтілігіңізге немесе тәуелсіздігіңізге әсер етуі мүмкін өзге де факторлар	